

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

**Қол бу жібіткіші
DEXP HGS-1200H**

Мазмұны

Құрылғының міндеті	5
Сақтық шаралары.....	5
Сыртқы түрі.....	6
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	7
Күту режимі	8
Бу жіберу батырмасы	8
Жарықпен индикациялау	8
Тазалау және күтім жасау	8
Қақты жою.....	8
Ықтимал проблемалар мен олардың шешімдері	9
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	10
Қосымша ақпарат.....	11

Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану мен оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықтың сақталуын ойластырыңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.


Құрылғының міндеті

Қол бу жібіткіші - киімге және үй бұйымдарына күтім жасауға мүмкіндік беретін тасымалды құрылғы. Бу ағыншасы костюмдер мен пальтоларды, жібек пен шілтерді үтіктейді. Бу кір жуғаннан кейін перделерді тиімді жазады және жұмсақ жиһазды ластанулар мен жағымсыз иістен тазартады.

Сақтық шаралары

1. Бумен жібіткішті пайдаланған кезде қуат желісін қуаттылығы жоғары құрылғылармен жүктемеңіз.
2. Бумен жібіткішті тек нұсқаулықта сипатталғандай пайдаланыңыз.
3. Құрылғыны, қуат кабелін немесе штепсель айырын суға салмаңыз.
4. Бумен жібіткіш жұмыс істеп тұрған кезде оны қараусыз қалдырмаңыз.
5. Құрылғыны балалардың жанында пайдаланған кезде мұқият болыңыз.
6. Үнемі судың болуын және деңгейін тексеріп отырыңыз. Егер контейнерде су болмаса, бумен жібіткішті пайдаланбаңыз.
7. Күйіп қалмау үшін құрылғының ыстық бөліктеріне қол тигізбеңіз және ыстық бумен жұмыс істеген кезде абай болыңыз.
8. Жұмысты аяқтағаннан кейін құрылғыға сууға шамамен 20 минут уақыт беріңіз.
9. Контейнерді суға толтырар алдында құрылғыны желіден үнемі ажыратып жүріңіз.
10. Орнын ауыстыру немесе тазалау алдында құрылғыны желіден ажыратыңыз.
11. Құрылғыны және қуат кабелін ашық от көздерінен, ас үй плиталарынан және басқа қыздыру элементтерінен алыс орналастырыңыз.
12. Көрінетін зақымданулар анықталған кезде құрылғыны пайдаланбаңыз және дереу сервистік орталыққа хабарласыңыз.
13. Суға арналған контейнерде қақтың пайда болуына жол бермеу үшін су үшін ешқандай қоспалар мен хош иістендіргіштерді пайдаланбаңыз.
14. Құрылғы балалар мен денелік, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар оларға бақылауды жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда.
15. Құрылғы тек коммерциялық емес пайдалануға арналған.

Сыртқы түрі



1. Бу үтікшесі.
2. Бу жіберу батырмасы.
3. Бу жіберу батырмасының бекіткіш.
4. Суға арналған контейнер.
5. Жарық индикаторы.
6. Тұтқа.
7. Қосу/сөндіру батырмасы.
8. Қуат баусымын қорғау.
9. Түйіртпектер мен шаңды жоюға арналған қондырма.
10. Әмбебап қондырма-шөтке - шалбарға арналған қысқыш.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Қаптамадан ішіндегісін шығарыңыз және қорек баусымын жазыңыз.
2. Суға арналған контейнерді алып шығыңыз, оны ашыңыз және суға толтырыңыз. Су деңгейі MAX белгісінен аспауы тиіс.
3. Контейнерді нық жабыңыз және оны орнына орнатыңыз.
4. Құрылғыны электр желісіне қосыңыз және бу жіберу батырмасын бекітіңіз (бу жіберу батырмасының бекіткішін төменгі күйіне жылжытыңыз).
5. Құрылғыны қосыңыз. Жарық индикаторы қызыл түспен жанады. Индикатордың түсі жасыл болса, құрылғы қажетті температураға дейін қызады және үтікшеден бу шығады.
6. Бұды қысқа мерзімге жіберу үшін бекітілмеген бу жіберу батырмасын басыңыз және бу ағыншасы бұдан былай керек болмаған кезде босатыңыз. Егер бұды жіберу ұзақ мерзімге тоқтатылған болса, құрылғы күту режиміне көшеді. Бұл ретте жарық индикаторы жасыл түспен жыпылықтайтын болады. Жұмысты жалғастыру үшін алдымен құрылғыны сөндіріңіз және бу жіберу батырмасын бекітіңіз (бу жіберу батырмасының бекіткішін төменгі күйіне ауыстырыңыз). Содан кейін құрылғыны қайтадан іске қосыңыз. Жасыл түспен жанып тұрған жарық индикаторы құрылғының жұмысқа дайын болғаны туралы сигнал береді.
7. Жоғары температурадағы бу матаның талшықтарын жұмсартады, сондықтан оны жазу үшін киімді тегіс бетке орналастыру немесе киім ілгішке ілу қажет.
8. Матаны ақырын тартыңыз және бу үтікшесін жоғарыдан төмен қарай тігінен немесе көлденең жылжытыңыз (өңделетін бөлігіне байланысты).
 - Жаға: жағаны төмен қарай тартыңыз және, үтікшені сол жақтан оңға қарай жылжытып, буландырыңыз. Содан кейін жейдені артқы бөлігін өзіңізге қарай қаратып жазыңыз. Жағаны төмен қарай толығымен бүктеңіз және бұлап жіберіңіз. Жағаны өңдеуді аяқтағаннан кейін бірден жейдені түймелеңіз.
 - Манжет: жеңді сәл көтеріңіз және, үтікшемен жоғары-төмен үтіктей отырып, манжетті бұлап жіберіңіз.
 - Жең: жеңді бүйірінен аздап көтеріңіз және, үтікшені жоғары-төмен жылжытып, бұлап жіберіңіз. Жеңде сызық жасау үшін үтіктеген кезде жеңнің шетіне аздап қысым жасаңыз.
 - Жейде қалтасы: жейденің қалталарын бұмен үтіктеу үшін үтікшені жоғары-төмен сипалау қозғалыстармен жылжытыңыз.
9. Контейнерді қайта толтырар алдында құрылғыны сөндіріңіз және оны электр желісінен ажыратыңыз. Күйіп қалмау үшін абай болыңыз, өйткені үтікше өте ыстық.
10. Бұмен үтіктегеннен кейін құрылғыны сөндіріңіз, оны электр желісінен ажыратыңыз және суға арналған контейнерді босатыңыз.
11. Құрылғыны сақтайтын орынға қояр алдында оған суу үшін уақыт беріңіз.

ЕСКЕРТУ: бұмен үтіктеу барысында өңделетін затта су тамшылары қалуы мүмкін, ал заттың өзі бұмен үтіктегеннен кейін сәл ылғал болуы мүмкін.

Күту режимі

Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін құрылғы төменде көрсетілген жағдайларда іске қосылатын күту режиміне көшудің қорғау жүйесімен жабдықталған. Күту режиміне ауысқан кезде жарық индикаторы жасыл түспен жыпылықтай бастайды.

- Контейнерде су аз. Жұмысты жалғастыру үшін құрылғыны сөндіріңіз, контейнерге су толтырыңыз және бұмен жібіткішті қосыңыз.
- Бекітілмеген бу батырмасы басылмаған. Жұмысты жалғастыру үшін құрылғыны сөндіріңіз және іске қосыңыз. Бу жіберу үшін бу жіберу батырмасын ұстап тұрыңыз немесе бу жіберу батырмасын басыңыз және оны бекітіңіз (бу жіберу батырмасының бекіткішін төмен қарай жылжытыңыз).

Бу жіберу батырмасы

Бу жіберу үшін бекітілмеген бу жіберу батырмасын ұстап тұрыңыз және бу ағыншасы бұдан былай керек болмаған кезде оны босатыңыз. Есіңізде болсын, жұмыссыз ұзақ тұрған кезде құрылғы күту режиміне ауысады. Бұды ұзақ жіберіп тұру үшін бу жіберу батырмасын басыңыз және оны бекітіңіз (бекіткішті төмен қарай жылжытыңыз).

Жарықпен индикациялау

- Қызыл: құрылғыны қыздыру.
- Жасыл: құрылғы жұмысқа дайын.
- Жасыл (жыпылықтау): күту режимі.

Тазалау және күтім жасау

- Тазалар алдында құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз және оған сууға уақыт беріңіз.
- Контейнерден қалған суды ағызыңыз.
- Құрылғының бетін ылғалды матамен сүртіңіз.
- Құрылғыны тазалау үшін қажақ жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны құрғақ салқын жерде сақтаңыз.

Қақты жою

1. Суға арналған контейнерді жартылай ағынды суға, жартылай ақ сірке суға толтырыңыз және құрылғыға орнатыңыз.
2. Құрылғыны тұрақты көлденең бетте орналастырыңыз.
3. Бу жіберу батырмасын бекітіңіз (бу жіберу батырмасының бекіткішін төмен қарай жылжытыңыз) және құрылғыны іске қосыңыз.
4. Контейнердегі су біткенше күтіңіз.
5. Құрылғыдан қақты сүртіп алыңыз.
6. Контейнерді ағынды суға толтырыңыз және сірке суының қалдықтарынан құтылу үшін рәсімді қайталаңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Моделі: HGS-1200H.
- Қоректендіру параметрлері: 220-240 В, 50 Гц.
- Қуаты: 1200 Вт.
- Баусым ұзындығы: 1,75 м.
- Бу қысымы: 1,5 бар.
- Бу ағыншасы: 35 г/мин дейін.
- Суға арналған контейнердің көлемі: 260 мл.
- Табан материалы: тот баспайтын болат.
- Қыздыру элементінің материалы: алюминий.
- Пайдалану саласы: тұрмыстық.

Ықтимал проблемалар мен олардың шешімдері

Проблема	Ықтимал себебі	Шешімі
Құрылғы қызбайды немесе жарық индикаторы жанбайды.	Іске қосудың проблемалары.	Электр желісіне қосылуды тексеріңіз.
	Қосу батырмасы басылмаған.	Қосу батырмасын басып, құрылғыны іске қосыңыз.
Бүмен жібіткіш бү өндірмейді.	Құрылғы қажетті температураға дейін қызбады, индикатор қызыл түспен жанып тұр.	Құрылғы қажетті температураға дейін қызбағанша және индикатор жасыл түспен жанбағанша күтіңіз.
	Ыдыста су аз немесе мүлдем жоқ.	Құрылғыны сөндіріңіз, оны электр желісінен ажыратыңыз және ыдысқа су үстеп құйыңыз.
Жарық индикаторы жасыл түспен жыпылықтайды.	Құрылғы күту режимінде.	«Күту режимі» параграфында берілген нұсқаулықтарды орындаңыз.
Судың ағып кетуі.	Суға арналған ыдыс жабылмаған немесе дұрыс орнатылмаған.	Ыдыстың жабық болғанына және дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-ден 40 °С дейінгі ауа температурасында және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жемір қоспалар (қышқылдар, сілтілер бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы мұқият ұстауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғының өткізілуі РҚ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйым қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен қағидаларға сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс. Осы бұйымның дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесіс. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Чжэцзян Хуагуан Электрик Эпплайнс Груп Ко., Лтд.
Чжоусян өнеркәсіптік даму аймағы, Цыси қ., Чжэцзян пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кедендік одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшыратылуы мүмкін.

Құрылғының жиынтықталымы алдын ала хабарлаусыз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы:

www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырылымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club